

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**«АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2026 жыл

**«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»
(оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, аутизмі бар балаларды қолдау орталығының, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның, арнайы мектептің, арнайы балабақшаның)
республикалық педагогикалық шеберлік конкурсын өткізу туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже арнайы балабақша, арнайы мектеп педагогтері үшін «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурсқа оңалту орталықтарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, аутизмі бар балаларды қолдау орталықтарының, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың, сондай-ақ арнайы балабақшалар мен мектептердің педагогтері қатыса алады.

Конкурс үш бағыт бойынша өткізіледі.

1.2 Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу критерийлерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3. Конкурс педагогикалық еңбектің беделін арттыру, арнайы білім беру (бұдан әрі – АББ) ұйымдарының үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату, жеке тұлғаның әлеуметтік-кәсіби ресурстарын және АББ ұйымы педагогтерінің кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында өткізіледі. Конкурстың негізгі міндеттері – ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің озық идеяларын практикада іске асыратын шығармашыл жұмыс істейтін, дарынды педагогтерді анықтау және қолдау, мұғалімнің оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру, педагогикалық инновациялар мен шығармашылық белсенділікті көтермелеу, білім беру мазмұнын жаңарту бойынша педагогтердің қызметін дамыту, педагогикалық тәжірибені жалпылау нысандарын жетілдіру.

1.4. «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының негізгі ұйымдастырушысы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ (бұдан әрі – АИБД ҰҒПО) болып табылады.

1.5. Конкурсқа Ереженің талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген, арнайы білім беру ұйымдарында (оңалту орталығында, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде, аутизмі бар балаларды қолдау орталығында, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда, арнайы балабақшада, арнайы мектепте) кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар тәрбиешілер мен педагогтер қатысады. Қатысушылардың жасына шек қойылмайды.

2. «Арнайы балабақша, арнайы мектептің үздік педагогі» конкурсына қатысушыларға атақ, номинация беру тәртібі, критерийлері

2.1. «Арнайы балабақшаның, арнайы мектептің үздік педагогі» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан арнайы балабақша, арнайы мектеп педагогтеріне конкурстық негізде беріледі.

2.2. «Арнайы балабақша, арнайы мектептің үздік педагогі» атағы бір педагогке үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагогтер қатысады:

- арнайы балабақшаның, арнайы мектептің штаттық педагогтері;

- конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар.

2.4. Конкурс төмендегідей номинациялар бойынша өткізіледі:

- **«Арнайы балабақшаның үздік педагогі (тәрбиешісі)»** (тәрбие процесін жүзеге асыратын педагогтер);

- **«Арнайы балабақша тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздік педагогі»** (мұғалім-логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

- **«Арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)»** (оқу процесін жүзеге асыратын педагогтар);

- **«Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздік педагогі»** (логопед-мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

- **«Арнайы мектептің үздік тәрбиешісі».**

Әр маман тек **бір номинацияға** қатыса алады.

2. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» конкурсына қатысушыларға атақ, номинация беру тәртібі, критерийлері

2.1. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан ПМПК мамандарына конкурстық негізде беріледі.

2.2. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің үздік маманы» атағын бір педагогке үш жыл ішінде бір реттен артық беруге болмайды.

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін ПМПК мамандары қатысады:

- ПМПК штаттық педагогтері болып табылатын;

- ПМПК-ға жаңадан қабылданған қызметкерлер ПМПК-да кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, арнайы білім беру саласындағы педагогикалық өтілі кемінде 5 жыл болған жағдайда – ПМПК-да кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болған кезде қатысуға құқылы.

- Конкурсқа қатысу ПМПК басшысының ұсынысы және қызметкердің жеке өтініші негізінде жүргізіледі.

2.4. Конкурс аясында келесідей номинациялар құрылды:

- **«Педагогтің үздік бейне-визиткасы»;**

- **«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау» (әлеуметтік педагогтерден басқа);**

- **«Отбасына үздік кеңес беру»;**

- **«Отбасында бала дағдыларын дамытудың үздік үй бағдарламасы»;**

- **«Педагогтерге үздік кеңестік-әдістемелік көмек».**

Әр маман тек **бір номинацияға** қатыса алады.

2. «Оңалту Орталығы, психологиялық-педагогикалық түзету Кабинеті, аутизмді бар балаларды қолдау Орталығының үздік педагогі» конкурсына қатысушыларға атақ, номинация беру тәртібі, критерийлері

2.1. «Оңалту Орталығы, психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің үздік педагогі» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан ППТК, АО және ОО педагогтеріне конкурстық негізде беріледі.

2.2. «Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогі» атағын бір педагогке үш жыл ішінде бір реттен артық беруге болмайды;

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагогтер қатысады:

- ОО, ППТК, АО штаттық педагогтері болып табылатын;

- конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі барлар. Қатысушылардың жасы шектелмейді;

2.4. Конкурс аясында келесідей номинациялар құрылды:

- **«ОО/ ППТК/ АО үздік педагогі (мұғалімі)»;**

- «ОО/ ППТК үздік педагогі (тәрбиешісі)»

Әр маман тек **бір номинацияға** қатыса алады.

3. Конкурсты өткізу тәртібі

3.1. Кезеңдерді өткізу мерзімдерін нақтылай отырып, Конкурс өткізу туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Конкурстың I кезеңін өткізу мерзімі АИБД ҰҒПО РММ интернет-ресурсында жарияланады.

3.2. Конкурс жыл сайын екі кезеңде өткізіледі.

3.2.1. 1-кезең – іріктеу, облыстық (қалалық) (20 сәуір – 31 шілде). Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде күндізгі/сырттай. Іріктеу турының қорытындысы бойынша әр номинация бойынша 1-орын алған жеңімпаздар Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберіледі.

3.2.2. 2-кезең – финалдық, республикалық (01 тамыз-30 қыркүйек). Өткізу түрі - бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушылар туралы ұсынылған құжаттар мен конкурстық материалдар негізінде сырттай.

3.3. Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін педагогтер өтінім береді және 3.10 және 3.14-тармақтарда көрсетілген барлық қажетті конкурстық құжаттарды өткізеді. Осы Ережеде көрсетілген талаптар мен формаларға сәйкес келмейтін және/немесе материалдарды ұсыну **мерзімінен кеш түскен** материалдар қаралмайды.

3.4. Конкурсты өткізу үшін әрбір кезеңді өткізуге Конкурстық комиссиялар (бұдан әрі – Комиссиялар) құрылып, бекітіледі. 1-кезеңді өткізу үшін Комиссияны облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың Білім басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) қалыптастырады, Комиссия құрамы Басқарманың бұйрығымен бекітіледі. 2-кезеңді (финалды) өткізу үшін Комиссия Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің АИБД ҰҒПО РММ құрылады, комиссия құрамы АИБД ҰҒПО РММ директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.5 Конкурстық Комиссиялар:

1) Конкурс кезеңдерін дайындауға, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, Конкурс құзыреттерінің тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

2) қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;

3) Конкурстың құжаттамасын (конкурстық тапсырмалар, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар) әзірлейді;

4) білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т.б. жолдайды.;

5) Конкурстың финалдық кезеңін өткізу үшін орынды айқындайды (күндізгі формат жағдайында);

6) Конкурсты техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

7) Конкурсты ақпараттық жария етуді қамтамасыз етеді.

3.6 Финалдық кезеңнің жеңімпаздарын анықтау үшін Конкурстың қазылар алқасы құрылады.

1) Конкурстың құрамы мен қазылар алқасының төрағасын АИБД ҰҒПО Конкурстық комиссиясы айқындайды;

2) қазылар алқасы критерийлерге сәйкес ең көп балл саны бойынша Конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

3) жеңімпаздарды анықтауды қазылар алқасының мүшелері жабық дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

8. Конкурс туралы ақпарат және байланыс мәліметтері (телефон, электрондық почта адресі) Ұйымдастырушының ресми сайтында – АИБД ҰҒПО РММ-де орналастырылады.

1-параграф. Конкурстың 1-кезеңін өткізу тәртібі

3.7. I кезең (іріктеу) облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) деңгейінде өткізіледі. I кезеңге қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарына сәйкес арнайы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері шақырылады. Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде күндізгі немесе сырттай. Кезеңді өткізу мерзімдері жыл сайын сәуірден мамырға дейінгі айлар, нәтижелері бойынша екінші кезеңге қатысу үшін ұсынылатын Конкурстың 1-кезеңінің жеңімпаздары айқындалады.

3.8. Комиссия құрамы Басқарма қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызметтерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Комиссия төрағасы мен төрағасының орынбасары Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Хатшы оның мүшесі болмайды.

3.9. Конкурстың I кезеңін өткізу туралы хабарландыруды өңірдің білім басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) облыс, қала аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ Конкурстың I кезеңін өткізу басталғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын Басқарманың Интернет-ресурсында орналастырады. I (іріктеу) кезеңге қатысуға өтінім сканерленген нұсқадағы формаға **(1-қосымша)** сәйкес, 2026 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде «Конкурс» деген белгісі бар Басқарманың электрондық адресіне беріледі.

3.10. I (іріктеу) кезеңге қатысу үшін конкурстық материалдар пакетіне:

- конкурсқа қатысуға өтінім белгіленген нысан бойынша (1-қосымша) сканерленген түрде ұсынылады;
- арнайы білім беру ұйымы басшысының педагогке ұсыным (расталған);
- жұмыс орнынан есепке алу жөніндегі жеке парақ (расталған);
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- арнайы білім беру ұйымының Ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан үзінді және қазақ немесе орыс тіліндегі ұсыным;
- электрондық портфолио (педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы 3-қосымшада көрсетілген);
- ашық іс-шараның (оқу, сабақ, тәрбие іс-шарасы) ұзақтығы 30 минуттан аспайтын бейнежазбасы (арнайы балабақша, арнайы мектеп, ОО, ППТК, АО педагогтері үшін);
- ашық іс-шараның сабақ жоспары (технологиялық картасы) немесе өзге де құжаты (арнайы балабақша, арнайы мектеп, ОО, ППТК, АО педагогтері үшін);
- ашық іс-шараның өзіндік талдауы (арнайы балабақша, арнайы мектеп, ОО, ППТК, АО педагогтері үшін);
- қолданылған әдістемелер көрсетілген баланы тексерудің толық (кеңейтілген) хаттамасы (ПМПК мамандары үшін);
- жүргізілген тексеру, оның нәтижелері, анықталған ерекше білім беру қажеттіліктері және оларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде қанағаттандыру бойынша ата-аналарға кеңес беру процесінің бейнеролигі (ПМПК мамандары үшін);
- баланың отбасындағы дағдыларын дамытуға арналған әзірленген үй бағдарламасы (ПМПК мамандары үшін);
- «Әдістемелік қоржын» – авторлық бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар, жеке консультациялар және т.б. (ПМПК мамандары үшін);
- «Мен – ПМПК педагогімін!» тақырыбында эссе (ПМПК мамандары үшін);
- педагогтің бейне-визиткасы – кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик (5-қосымшада көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес);
- қатысушының кәсіби қызметі туралы ақпаратты қамтитын конкурс портфолиосы;

- қатысушының кәсіби мақсаттары мен құндылықтарын, әдістемелік жүйесін және оң жұмыс тәжірибесін таныстыру презентациясы.

Конкурстық материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар және оларды **2-қосымшаға** сәйкес ұсыну тәртібі. Конкурстың I (іріктеу) кезеңіне қатысуға жіберілген материалдарға рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Материалдарды ұсыну мерзімі 20 мамырдан кешіктірмей. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен, талаптарды сақтамай рәсімделген материалдар қаралмайды.

3.11. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды бағалайды, конкурстың I кезеңінің әрбір номинациясындағы қатысушылардың рейтингін айқындайды. Конкурстың I кезеңінің нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға 20 шілде кешіктірмей электрондық почта арқылы хабарланады. Конкурстың I-кезеңінің әрбір номинациясы бойынша жеңімпаздар (1-орын) Конкурстың II кезеңіне қатысуға ұсынылады.

3.12. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармасы (Астана, Алматы, Шымкент) «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-не Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін педагогтер туралы мәліметтерді (аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, байланыс деректері) көрсете отырып хат жолдайды. Хатқа мыналар қоса беріледі: Конкурстың I-кезеңінің нәтижелері хаттамасының көшірмесі.

3.12.1. I-кезеңнің жеңімпаздары (1-орын) өздерінің конкурс материалдарын осы Ереженің 2-тарауында көрсетілген электрондық пошталарына **1 тамыздан** кешіктірмей жолдайды.

3.12.2. Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар мен ұсыну тәртібі 2-қосымшада айқындалған. Көрсетілген **мерзімнен кеш түскен** немесе талаптарға сәйкес рәсімделмеген материалдар қарауға қабылданбайды, рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.

2-параграф. Конкурстың 2-кезеңін өткізу тәртібі

3.13. Конкурстың II кезеңі (финал) облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың бірінші кезеңінің жеңімпаздары арасында әр номинация бойынша өткізіледі. Өткізу түрі – сырттай. Өткізу мерзімі – тамыз - қыркүйек.

3.14. Конкурстың II (финалдық) кезеңіне қатысу үшін конкурстық материалдар пакетіне мыналар кіреді:

- конкурсқа қатысуға өтінім белгіленген нысан бойынша (*1-қосымша*) сканерленген түрде ұсынылады;
- арнайы білім беру ұйымы басшысының педагогке ұсыным (расталған);
- жұмыс орнынан есепке алу жөніндегі жеке парак (расталған);
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- **облыстық** Ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан үзінді және қазақ немесе орыс тіліндегі ұсыным;
- электрондық портфолио (педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы 3-қосымшада көрсетілген);
- қатысушының кәсіби қызметі туралы ақпаратты қамтитын конкурс портфолиосы;
- қатысушының кәсіби мақсаттары мен құндылықтарын, әдістемелік жүйесін және оң жұмыс тәжірибесін таныстыру презентациясы;
- педагогтің бейне-визиткасы – кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик (5-қосымшада көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес);
- қолданылған әдістемелер көрсетілген баланы тексерудің толық (кеңейтілген) хаттамасы (ПМПК мамандары үшін);
- баланың отбасындағы дағдыларын дамытуға арналған әзірленген үй бағдарламасы (ПМПК мамандары үшін);

- «Әдістемелік қоржын» – авторлық бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар, жеке консультациялар және т.б. (ПМПК мамандары үшін);
- «Мен – ПМПК педагогімін!» тақырыбында эссе (ПМПК мамандары үшін);

Конкурсқа қатысушының кәсіби қызметі туралы ақпаратты қамтитын портфолио және Конкурсқа қатысушының кәсіби мақсаттары мен құндылықтарын, әдістемелік жүйесін, оң жұмыс тәжірибесін таныстыру көрсетілген презентация.

3.15. Педагогтердің «Арнайы ұйымның үздік педагогі» Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсына ұсынған материалдары **3-қосымшаның** критерийлеріне сәйкес бағаланады.

3.16. Конкурстың қазылар алқасы төмендегілерді бағалайды:

- 1) қатысушының білім және практикалық дағдылар саласындағы кәсіби құзыреттілік деңгейін, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудегі кәсіби шеберлігін;
- 2) педагогтің кәсіби қызметі жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін, сабақтарды (тәрбие іс-шараларын) өткізу әдістемесін меңгеру дәрежесін, сондай-ақ қазіргі кезеңде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста ғылыми-әдістемелік проблематиканы білуін, НҚА саласынан хабардар болуын;
- 3) жеке қасиеттерін: педагогикалық интуиция, креативтілігі, импровизациясы, ұйымдастырушылық қабілеті, коммуникативтілігі.

*Ескертпе: I кезең финалистерінің конкурстық жұмысы **бір** хатпен, ZIP-папка форматында келесі электрондық пошталарға жолданады:*

- арнайы мектептер мен арнайы балабақшалар қатысушылары үшін – sso_konkurs@mail.ru,
- ПМПК мамандары үшін – dko_nnpc@mail.ru,
- оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және аутизм орталықтары қатысушылары үшін – kppk.rc@mail.ru.

Хаттың тақырыбында қатысушының аты-жөні, аймағы, номинацияның атауы және ұсынылған ұйым көрсетіледі.

3-параграф. Конкурс қорытындысын шығару

3.18. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін айқындайды. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» атағы беріледі.

Жеңімпазға Комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір номинацияда I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етіледі.

3.19. Әр номинация бойынша Конкурстың жеңімпазы рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы болып табылады.

3.20. Номинация шеңберінде бәсекелестік орта болмаған жағдайда, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталмайды.

3.21. Конкурстың II кезеңінің қорытындылары облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады, сондай-ақ «АИБД ҰҒПО» РММ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылады.

«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» республикалық педагогикалық
шеберлік конкурсын өткізу туралы ережеге
1-қосымша

«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»
республикалық педагогикалық шеберлік конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ

Білім беру ұйымы:

Номинация:

I. Конкурса қатысушы туралы мәліметтер, ЖСН

1.1. Конкурса қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толықтай):

1.2. Лауазымы және жұмыс өтілі:

1.3. Мекенжайы, жұмыс орны:

Телефон:

Ұйымның электронды почтасының адресі:

1.4. Байланыс телефоны:

Қатысушының электронды почтасының адресі:

II. Білім беру ұйымы әкімшілігінің осы қатысушыны (Өтініш берушіні) білім беру
ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған Конкурса ұсыну туралы
шешімі:

Директор

Жеке қолы

Қолтаңбаның
толық
жазылуы

М.О.

«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» республикалық педагогикалық
шеберлік конкурсын өткізу туралы ережеге
2-қосымша

«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»
республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының материалдарын
безендіруге қойылатын
ТАЛАПТАР

Конкурстың I кезеңі

1. Сабақтың / оқудың / тәрбие іс-шарасының бейнежазбасы AVI, MPED, WMP (таңдау үшін) кеңейтімі бар электрондық нұсқада ұсынылады. Бейнежазба сабақ/оқу/тәрбие іс-шарасының технологиялық карта түріндегі жоспар-конспектісімен, сондай-ақ MSWord форматында ресімделген сабақтың өзін-өзі талдауымен сүйемелденеді.

Қоса берілген файлдардың мәтіні мынадай параметрлерді сақтай отырып ресімделеді:

а) жоспар-конспект: парақтың бағыты - альбом; алаңы: сол жақтан – 1 см, оң жақтан – 1 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 3 см; тақырып қарпі – Times New Roman, 14 кегль; мәтін қарпі - Times New Roman, 12 кегль.

б) Сабақтың/оқудың өзін-өзі талдауы: парақтың бағыты – кітап; алаңы: сол жақтан – 3 см, оң жақтан -1,5 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 2 см; тақырып қарпі - Times New Roman, 14 кегль; негізгі мәтін қарпі – Times New Roman, 14 кегль.

2. Жіберілетін бейне файлдардың көлемі 2 Гб-тан аспайды, форматтары стандартты: *. mp 4 немесе *.avi.

3. Бейнероликтердің атауына «Қатысушының Т.А.Ә.» форматында қол қойылады. Роликтің атауы. Ұйымның атауы».

Конкурстың II кезеңі

1. Портфолиоға: соңғы үш жылда өткен кемінде 72 сағат көлеміндегі мамандық бойынша біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары; облыстық және республикалық конференциялардың, семинарлардың, өткізілген шеберлік сыныптарының бағдарламалары, конкурсанттың аты-жөнін көрсете отырып, тәжірибе алмасу бойынша басқа да іс-шаралар; үлгілік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді жасауға қатысқанын растайтын құжаттар енгізіледі (оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік құрал), мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың тәрбие жұмысының бағдарламалары; кәсіби қызметке сәйкес тақырыптар бойынша жарияланған мақалалардың белерлері енгізіледі.

2. Конкурсқа қатысушының мақсаттарын, құндылықтары мен жұмыс тәжірибесін таныстыру жұмыс жүйесінің немесе педагог қызметінің жекелеген компоненттерінің сипаттамасын, қызметтің нақты мысалдарын, педагогикалық міндеттерді шешудегі тәжірибенің нәтижелілігі мен тиімділігінің дәлелдерін қамтуы тиіс. Тәжірибені дамыту перспективалары. Материалдар Microsoft Power Point бағдарламасында, 10-15 слайд көлемінде ұсынылады (бейнематериалдарды қолдану арқылы болуы мүмкін).

Педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), міндетті түрде салынған 3х4 өлшемдегі фотосурет.
- Жоғары білім туралы диплом;
- Ғылыми дәрежесі (бар болса);
- Біліктілігін арттыру (сертификаттар, куәліктер);
- Марапаттар (грамоталар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар, біліктілігін арттыру курстарының сертификаттары, оның ішінде қашықтықтан (білімін растайтын құжаттардың сканерлері, курстардың өтуінің, құрмет грамоталарының, сертификаттардың сканерлері).

2. Педагогикалық қызметінің мониторингі:

- соңғы үш жылдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың білімдері мен дағдыларының сапасын дамыту мониторингі және динамикасы;
- кәсіби конкурстарға қатысуы туралы мәліметтер (сертификаттар, олар болған жағдайда грамоталар);
- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің нәтижелері, балаларды әртүрлі білім беру ұйымдарының түрлеріне (мектеп, балабақша және т.б.) енгізу.

3. Ғылыми-әдістемелік қызмет

Педагог жұмыс атқаратын педагогикалық бағыт бойынша барлық ақпарат:

- түзету-дамыту жұмыстарында қолданатын технологияларын, әдіс-тәсілдерін сипаттау;
- дидактикалық материалдың сипаттамасы (фотоматериалдар);
- педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, «дөңгелек үстелдер», фестивальдар бойынша материалдар;
- зерттеу қызметі;
- авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу, оларға хаттамалар жазу (бар болса);
- білімдік және әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болса);
- шығармашылық есептер, семинарлар, ашық сабақтар, тренингтер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөйлегені туралы мәліметтер;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- тәжірибе алмасу бойынша жұмыс.

4. Сабақтан тыс қызметі:

- балалардың шығармашылық жұмыстары (бар болса);
- ата-аналардың, әріптестердің, педагогтердің, әлеуметтік серіктестердің, жұртшылықтың пікірлері;
- волонтерлік қызмет, қайырымдылық шараларына қатысуы.

*Сканерленген құжаттар **Бір** құжатпен ұсынылуы және **Zip-напқа** форматында мұрағатталуы тиіс.*

**Педагогтердің «Арнайы ұйымның үздік педагогі» Республикалық педагогикалық
шеберлік конкурсына ұсынған материалдарын бағалау критерийлері**

1. I (ІРІКТЕУ) КЕЗЕҢНІҢ КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ
(ОО, ППТК, АО, арнайы балабақша және арнайы мектеп педагогтері үшін)
 - 1.1. Ашық сабақтың/сабақтың бейнежазбасы (30 минутқа дейін)
 - 1.1.1. «Оңалту орталығының/психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің/аутизмді бар балаларды қолдау Орталығының үздік педагогі (мұғалімі)»;
 - 1.1.2. «Оңалту орталығының/психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің/аутизмді бар балаларды қолдау Орталығының үздік педагогі (тәрбиешісі)»;
 - 1.1.3. «Арнайы балабақшаның үздік педагогі (мұғалімі)» номинациясы.
 - 1.1.4. «Арнайы балабақшаның үздік педагогі (тәрбиешісі)» номинациясы.
 - 1.1.5. «Арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)» номинациясы

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1	Сабақ жоспары/оқу жоспары нақты тұжырымдалған: педагог пен тәрбиеленушілер/білім алушылар қызметінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, сабақ/оқу құрылымы; сараланған және жеке тәсілді, ресурстарды, кері байланыс орнату тәртібін, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау тәсілдерін қамтиды	0	1	2	3
2	Сабақтың/оқудың мақсаттары мен міндеттері тәрбиеленушілердің/оқушылардың дағдылары мен жеке қасиеттерін сипаттайтын күтілетін нәтижелерді тұжырымдайды	0	1	2	3
3	Педагог/тәрбиеші тәрбиеленушілердің/оқушылардың іс-әрекетін ынталандырудың жоғары деңгейін жасайды және қолдайды	0	1	2	3
4	Тәрбиешінің/педагогтің балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, өзара қарым-қатынас пен өзара сыйластық атмосферасын қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Педагог/тәрбиеші қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды (соның ішінде АКТ) пайдаланады, білім беру процесінің түзету-дамыту және тәрбиелік бағытталу әдістерін пайдаланады, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес қызметі мен ынтымақтастығы үшін жағдайлар жасайды	0	1	2	3
6	Педагогпен/тәрбиешімен бірлескен және тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес іс-әрекетінің мазмұны олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келеді, сараланған және жеке тәсіл, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың жетістіктерін ағымдағы және қорытынды бағалау қамтамасыз етілген	0	1	2	3
7	Сабақтың/оқудың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2	3
8	Педагог сабақ/оқу құрылымына, әдістемелік әдістерді таңдауға негізделген өзін-өзі талдаудың құрылымын береді, сараланған және жеке көзқарастың қажеттілігін түсіндіреді, көрнекілік құралдарын, практикалық әрекеттерді, топтық жұмысты және т.б. қолданады, сабақта/оқуда қол жеткізілген нәтижелерге объективті баға береді	0	1	2	3
Максималды балл:		24			

Бағалау:

- 0 - көрсеткіш көрінбейді;
- 1 - көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;
- 2 - көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;
- 3 - көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған

1.1.6. «Арнайы мектептің үздік тәрбиешісі» номинациясы

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Сабақтың/іс-шараның жоспары нақты тұжырымдалған: тәрбиеші мен тәрбиеленушілер қызметінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, сабақтың/іс-шараның құрылымы, сараланған және жеке көзқарас, ресурстар	0	1	2	3
2	Сабақтың/іс-шараның мақсаты мен міндеттері күтілетін нәтижелерді көрсетеді	0	1	2	3
3	Тәрбиеші тәрбиеленушілердің уәждемесі мен белсенділігінің жоғары деңгейін қалыптастырады және қолдайды	0	1	2	3
4	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, өзара қарым-қатынас пен өзара сыйластық атмосферасын қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Тәрбиеші заманауи педагогикалық технологияларды (соның ішінде АКТ) қолданады, түзету-дамыту және тәрбиелеу міндеттерін шешудің тиімді әдістерін қолданады.	0	1	2	3
6	Сабақтың/іс-шараның мазмұны, өткізу түрі, жоспардың өзіндік ерекшелігі оқушылардың қызығушылығын тудырады, ынтымақтастыққа деген ұмтылысты қолдайды, оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге ықпал етеді	0	1	2	3
7	Сабақтың/іс-шараның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2	3
8	Тәрбиеші сабақтың/іс-шараның құрылымына негізделген өзін-өзі талдаудың құрылымын, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін таңдауды, сабақта/іс-шарада қол жеткізілген нәтижелерге объективті баға береді	0	1	2	3
Максималды балл:					24

Бағалау:

- 0 - көрсеткіш көрінбейді;
- 1 - көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;
- 2 - көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;
- 3 - көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған

1.1.7 «Арнайы балабақша тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздік педагогі» номинациясы (логопед-мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

1.1.8 «Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық қолдаудың үздік педагогі» номинациясы (логопед-мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Сабақ жоспары нақты тұжырымдалған: түзету-дамыту және	0	1	2	3

	тәрбиелеу міндеттерін, педагог пен тәрбиеленушілер/білім алушылар қызметінің мазмұнын, сабақтың құрылымын, сараланған және жеке тәсілді, ресурстарды, кері байланыс орнату тәртібін, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау тәсілдерін қамтиды.				
2	Сабақтың міндеттері күтілетін нәтижелерді көрсетеді, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дағдылары мен жеке қасиеттерін сипаттайды	0	1	2	3
3	Педагог сабақта тәрбиеленушілердің/оқушылардың уәждемесі мен белсенділігінің жоғары деңгейін қалыптастырады және қолдайды	0	1	2	3
4	Педагогтың балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, ынтымақтастық атмосферасын, өзара сыйластықты қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Педагогтің бірлескен іс-әрекетінің мазмұны тәрбиеленушілердің/оқушылардың сақталған функциялары мен күшті жақтарына сүйене отырып, бұзылған функцияларды жеңуге және/немесе өтеуге, өзін-өзі бақылауды, рефлексиялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.	0	1	2	3
6	Педагог заманауи арнайы психологиялық-педагогикалық түзету-дамыту әдістемелерін (оның ішінде АКТ-ны пайдалана отырып) пайдаланады, қажетті және жеткілікті пәндік даму ортасын жасайды, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес қызметі мен ынтымақтастығы үшін жағдайларды қамтамасыз етеді	0	1	2	3
7	Сабақтың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2	3
8	Педагог сабақтың құрылымына, әдістемелік әдістерді таңдауға, сараланған және жеке көзқарастың қажеттілігін түсіндіруге, түзету және дамыту құралдарын, көрнекі-дидактикалық материалдарды қолдануға, сабақта/оқуда қол жеткізілген нәтижелерге объективті баға беруге негізделген нәтижелерді береді	0	1	2	3
Максималды балл		24 балл			

Бағалау:

- 0 - көрсеткіш көрінбейді;
- 1 - көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;
- 2 - көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;
- 3 - көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған

**«Арнайы балабақша, арнайы мектептің үздік педагогі», «Оңалту орталығының/ психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің/ аутизмі бар балаларды қолдау Орталығының үздік педагогі» номинациялары бойынша
I (іріктеу) кезеңі үшін ең жоғары баллдың
КЕСТЕСІ**

1.	1) Сабақтың/оқудың/іс-шараның бейнежазбасы, 2) Сабақтың/оқудың/іс-шараның жоспар-конспектісі, 3) сабақты өзін-өзі талдау.	
----	---	--

«Арнайы білім беру ұйымының

**«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау»
бағалау критерийлері (әлеуметтік педагогтерден басқа)**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1.	Тексеру құрылымы мен хаттаманы толтыру сапасын сақтау	0	1	2	3
2.	Мақсаттар мен міндеттерге, көрнекі құралдар мен материалдарға қол жеткізу үшін әдістер мен тәсілдерді таңдаудың негізділігі.	0	1	2	3
3.	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
4.	Тексеру барысында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру	0	1	2	3
5.	Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың толықтығы	0	1	2	3
6.	Тексеру хаттамасы мазмұнының ерешке білім беру қажеттілігі бар балалардың қажеттілігін қанағаттандыру бойынша ұсынымдарға сәйкестігі.	0	1	2	3
7.	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	0	1	2	3
8.	Безендіру мәдениеті	0	1	2	3
Максималды балл		24 балл			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Отбасына үздік кеңес беру» бағалау критерийлері

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1.	Әзірлеменің өзектілігі мен ерекшелігі	0	1	2	3
2.	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
3.	Материалды берудің логикалығы, түсінікті әдістемелік негіздемесінің болуы	0	1	2	3
4.	Ата-анасына баланың проблемаларын, күшті жақтары мен әлеуетті мүмкіндіктерін сенімді түрде көрсетуге мүмкіндік беретін, бала іс-әрекетінің сапалы сараптамасы.	0	1	2	3
5	Кеңес мазмұнының анықталған ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкестігі.	0	1	2	3
6.	Кеңес берудің ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша қолжетімділігі.	0	1	2	3
7.	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	0	1	2	3
8.	Бейне кеңестердің болуы	0	1	2	3
	Максималды балл	24 балл			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың отбасы үшін дағдыларды дамытудың үздік үй бағдарламасы» бағалау критерийлері

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1.	Баланы тексеру протоколы мазмұнының дамыту бағдарламасына сәйкестігі.	0	1	2	3
2.	Өзірлеменің өзектілігі мен ерекшелігі	0	1	2	3
3.	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	0	1	2	3
4.	Тәсілдер мен әдістердің анық және қолжетімді сипаттамасы. Балалардың өнімді, белсенді іс-әрекетіне бағытталған техникаларды, әдістемелерді қолдану	0	1	2	3
5.	Үстелдік, едендік дидактикалық ойындардың, иллюстрацияланған материалдардың іріктелуі	0	1	2	3
6.	Бейне кеңестердің болуы	0	1	2	3
7.	Материалды ұсынудың шығармашылықтық, инновациялық және кәсіби тәсілі	0	1	2	3
8.	Безендіру мәдениеті	0	1	2	3
	Максималды балл	24 балл			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 баллды** құрайды.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

**«Педагогтерге үздік кеңестік-әдістемелік көмек»
бағалау критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	баллы			
1.	Әзірлеменің өзектілігі мен өзіндік ерекшелігі	0	1	2	3
2.	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	0	1	2	3
3.	Мазмұнның қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі	0	1	2	3
4.	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
5.	Ғылыми негізділік, заңнамалық база	0	1	2	3
6.	Кеңес берудің қолжетімділігі	0	1	2	3
7.	Педагогтің пәндік-кәсіби құзыреттілігі	0	1	2	3
8.	Безендіру мәдениеті	0	1	2	3
	Максималды балл	24 балл			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» республикалық педагогикалық
шеберлік конкурсын өткізу туралы ережеге
б-қосымша

2. II (ФИНАЛДЫҚ) КЕЗЕҢНІҢ КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ

2.1. Конкурсқа қатысушының портфолиосы

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл
1	Педагог соңғы үш жылда кемінде 72 сағат көлемінде мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті	1
2	Педагог облыстық және республикалық конференцияларға, семинарларға қатысып, шеберлік кластар, тәжірибе алмасу бойынша басқа да іс-шаралар өткізді	1
3	Педагогтің соңғы үш жылдағы кәсіби қызметіне сәйкес тақырып бойынша жарияланымдары бар	1
4	Педагог Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларын жасауға қатысты	1
5	Педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін ОӘК (оқулықтар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік құралдар) құруға қатысты	1
Максималды балл		5

2.2 Жұмыс тәжірибесінің презентациясы

(Microsoft PowerPoint бағдарламасында 15 слайдтан артық емес)

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл		
1	Кәсіби мақсаттар мен құндылықтар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін ескере отырып тұжырымдалған (ізгілендіру, әрбір оқушы үшін жоғары сапаны қамтамасыз ету, тұлғаға бағдарланған оқыту, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім беру).	0	1	2
2	Ұсынылған әдістемелік жүйе ғылыми негізделген, бұзылған функцияларды жеңуге немесе өтеуге, оң жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған	0	1	2
3	Педагог қазіргі кезеңде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда ғылыми-әдістемелік проблематиканы түсінуді, нормативтік-құқықтық актілер саласында ақпараттандыруды көрсетеді.	0	1	2
4	Педагог педагогикалық интуицияны, шығармашылықты, импровизацияны, ұйымдастырушылық қабілеттерді, қарым-қатынасты көрсетеді.	0	1	2
5	Өз тәжірибесінің идеялары нақты, қисынды, негізделген, оны таратуға мүмкіндік бар. Әдістемелік жүйенің тиімділігі негізделген, оның нәтижелілігі көрсетілген.	0	1	2
6	Презентацияда қолданылған мәтіндік және иллюстрациялық материалдар берілген ақпаратты қабылдауға және түсінуге ықпал етеді.	0	1	2
Максималды балл:		18 балл		

Бағалау:

0 - көрсеткіш көрінбейді;

- 1 - көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;
- 2 - көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;
- 3 - көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған

**«Арнайы балабақша, арнайы мектептің үздік педагогі»/ «Оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету Кабинетінің/ аутизмі бар балаларды қолдау Орталығының үздік педагогі» номинациялары бойынша
II (финалдық) кезеңі үшін ең жоғары баллдың
ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ**

1.	Конкурсқа қатысушының портфолиосы	
2.	Жұмыс тәжірибесінің презентациясы	
	Жиыны	

**«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік педагогі»
номинациясы бойынша
II (финалдық) кезеңі үшін ең жоғары баллдың
ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ**

1-3,4 балл

1.	<u>Педагогтің кәсіби құзыреттілігі (соңғы үш жылда) - 3 балл</u>
1	балл - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар құрастырады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды жеңу және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, кеңестік және жұмыстың өзге де нысандарына қатысуда жоғары белсенділігін көрсетеді.
2	балл - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар құрастырады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды жеңу және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, кеңестік және жұмыстың өзге де нысандарына қатысуда жоғары белсенділігін көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тексеру бойынша әдістемелік материалдар әзірлейді. Ата-аналарға кеңес беру бойынша әдістемелік материалдар, ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық үшін ақпараттық, ағартушылық материалдар әзірлейді.
3	балл - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар құрастырады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды жеңу және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, кеңестік және жұмыстың өзге де нысандарына қатысуда жоғары белсенділігін көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тексеру бойынша әдістемелік

материалдар әзірлейді. Ата-аналарға кеңес беру бойынша әдістемелік материалдар, ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық үшін ақпараттық, ағартушылық материалдар әзірлейді. Жобалау, зерттеу, ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асырады.

2. Педагогтің арнайы білім беруді дамытуға қосқан үлесі (соңғы үш жылда)

- 3 балл

1 **балл** - семинарларға, отырыстарға, конференцияларға қатысуы;

2 **балл** - семинарларда, отырыстарда, конференцияларда баяндамалар жасауы. Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі психологиялық-педагогикалық басылымдарда, БАҚ-та педагогтердің мақалаларын жариялауы;

3 **балл** - семинарларда, отырыстарда, конференцияларда баяндамалар жасауы. Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі психологиялық-педагогикалық басылымдарда, БАҚ-та педагогтердің мақалаларын жариялауы;

Әдістемелік материалдарды; бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге қатысуы.

Әдістемелік материалдар әзірлеуі; жобалау, ғылыми-әдістемелік, зерттеу қызметін іске асыруы. Педагогтердің оқытуы және тәлімгерлік.

3. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жеке басын бағалау - 4 балл

1 **балл** - педагогтердің әріптестеріне, ұйым басшысына, басқа қауымдастықтардың өкілдеріне, ата-аналарға танылуы (әкімшіліктің, әріптестерінің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің пікірлері);

2 **балл** - педагогтердің әріптестеріне, ұйым басшысына танылуы, әкімшіліктің, әріптестерінің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, педагогикалық қоғам өкілдерінің пікірлері;

3 **балл** - педагогтердің республикалық мағынадағы педагогикалық ұйымдарына, білім беру ұйымдары басшыларына, әріптестеріне, басқа қоғамдастықтардың өкілдеріне танылуы (әкімшіліктің, әріптестерінің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, ғылыми, педагогикалық қауымдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар); қауымдастыққа ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында танылу), баланы білім беру ұйымында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде кеңестік көмек көрсету;

4 **балл** - педагогтердің республикалық мағынадағы педагогикалық ұйымдарына, білім беру ұйымдарының директорларына, әріптестеріне, басқа қауымдастық өкілдеріне танылуы (әкімшіліктің, әріптестерінің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, ғылыми, педагогикалық қауымдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, халықаралық деңгейдегі дипломдар); қауымдастыққа ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында танылуы)

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0 ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады